

5. СТУДЕНТ, МАГИСТРАНТ, ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ФИЛОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНИСТЕРІ

Б.О. Оразова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторанты
b.oralova@mail.ru

ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ДЕНГЕЙЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫ

Мақалада тілдік тұлғаның деңгейлік құрылымдары қарастырылады. Қазіргі тіл біліміндегі жаңашыл бағыттарға тән ғылыми-әдіснамалық мәселелер, тілді басқа ғылым салаларымен байланыста зерттеудегі ізденістердің ұтымдылығы талданады. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті, қазақ тіліндегі ділдік лексиконның берілу жолдары, сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісінің зерттелуіне тән сипаттар екселеді. Лингвистикалық зерттеулердегі тілдік тұлға мәселесі, вербалды-семантикалық, когнитивтік, уәждік сипатындағы құрылымдық деңгейлер сөз болады. Тілдік тұлғаның танымдық әлеуеті, деңгейлік құрылымы турасында тұжырым жасалынды.

***Кілт сөздер:** тілдік тұлға, индивид, вербалды-семантикалық, лингвокогнитивтік, когнитивтік деңгей, уәждік деңгей, прагматика, антропоцентрлік парадигма, лингвомәдениет.*

Кіріспе

Ғасырлар бойы атадан балаға беріліп келе жатқан мәдениетіміздің тілдегі көрінісі уақыт өте келе қолданыстан шығып қалады немесе тілдік белгілердің әдепкі мағынасы күнгірттене бастайды. Сондықтан заман ағымымен өзгерген салт-дәстүр, тарих, этнография мәселелері тілдік әрі мәдени жағынан тың ізденістерге сұранып тұрады.

Соңғы жылдары тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы мәселесі лингвомәдениеттану ғылымы ұстанымдары негізінде зерттелуде. Тіл қашан да сол халықтың мәдениетімен бірлікте қарастырылады. Бұл, сайып келгенде, ана тілдің ұлттық рухтың қалыптасуына ықпалы, ғаламның тілдік бейнесі мәселелерінің теориялық аспектілерін зерттеуге жол ашады.

Ұлтымыздың көнеден келе жатқан ауызша әдебиеті, тамыры терең дәстүрі, жазба ескерткіштері, образға бай тілі әлем мәдениетінен әділ бағасын алуы қажет. Ол үшін тілші-ғалымдар, мәдениеттанушылар, этнографтар, тарихшылар т.б. ғылым өкілдері тіл мен мәдениет мәселелерін жаңаша бағытта зерттеуі тиіс. Осыдан барып тіл мен мәдениеттің өзара байланыс механизмдері мен ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы пайда болды.

Негізгі бөлім

Тілді басқа ғылым салаларымен байланыстыра зерттеу іргелі ізденістерге жол ашып, оң нәтиже көрсетуде. Лингвомәдениеттану – ХХ ғасырдың ІІ жартысында пайда болған осындай пәнаралық бағыттың бірі. Жалпы, тіл мен мәдениет арақатынасы мәселелері Платон, И. Гердер, Э. Кант т.б. философтардың еңбектерінде түрлі деңгейде қарастырылған. Онан әрі В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, Э. Кассирер, Л. Вайсгербер зерттеулерінде көрініс тапты. Кеңестік дәуірде орыс ғалымдарынан А. Потебня, Н. Топоров, В.В. Иванов, қазақ ғалымдарынан академик Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, Е. Жанұзақов, Ж. Манкеева т.б. еңбектерінде қарастырылды.

«Соңғы жылдары лингвомәдениеттанудың өз алдына дербес ғылым саласы болып айқындалуы, тіл мен мәдениет арақатынасы мәселелерін жаңа ұстанымдар мен әдістемелер негізінде зерттеуді міндеттейді. Қазіргі кезде лингвомәдениеттану ғылымы өзінің дамуы, ұғымдық терминдік аппараты қалыптасу кезеңінде» [1; 4].

Қоғамдық өмірде адам табиғатын зерттеумен әр алуан ғылым саласы айналысып келеді. Әрқайсысы адам болмысын өзіндік нысаны мен ғылыми пәні аясында қарауда. Тіл біліміндегі антропоэкті парадигма адам мен тілдің байланысын адамзат тіліндегі ұлттық-мәдени-танымдық ерекшеліктегі басты нысан ретінде қарайды.

Тіл мен мәдениеттің, тіл мен танымның бірлігін сабақтастыра қарастыру идеясы ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы ғалымдар еңбектерінен орын алып, бүгінгі антропоэлекті парадигма аясындағы зерттеуге ұласты.

Тіл табиғаты күрделі, ол – қоғамдық әрі динамикалы құбылыс. «Әлемдік және отандық тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы лингвистикалық зерттеулердің тілдік ішкі жүйеліліктен антропоцентристік бағытқа бет бұруымен сипатталады. Зерттеудің антропоцентристік парадигмасында «тілдегі адам факторы» антропологиялық ұстаным ретінде басшылыққа алынып, «Тіл – адам баласына тән конститутивті қасиет» тұжырымдамасы тіл болмысын зерттеудің, «тіл және адам» бірлігінің біртұтас теориясын қалыптастырудың әдіснамалық тұғыры етіледі. Антропологикалық зерттеулерде «тілдегі адам факторы» тіл иесінің дүние бейнесін, нақтырақ айтқанда, тілдік дүние бейнесін зерттеумен ұштастырылады. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың ой-танымы мен сана-сезімінің құралы, тіл иесі этностың сан ғасырлық тәжірибесін жинақтаушы, қоғамдық білімін қордалаушы және оны келер ұрпаққа жеткізуші танымдық, мәдени, әлеуметтік феномен тұрғысынан сипатталады. Өзінің әдіснамалық негізіне антропологиялық ұстанымды арқау еткен лингвистикалық зерттеулердің өзегін: 1) адамның тілге тигізер әсер-ықпалын; 2) тілдің адамға, ойлауға, мәдениетке әсерін айқындау мәселелері құрайды» [2;3].

Әдетте лингвистикалық зерттеулерде тілдік тұлға мәселесі сөз бола қалған жағдайда оның (тілдік тұлғаның) деңгейлік құрылымдары туралы айтпай өту мүмкін емес. Бұл мәселе орыс тіл білімінде біршама зерттелген. Айталық, белгілі орыс тілшісі Ю.Н. Караулов еңбегінде тілдік тұлға мәселесі жөнінде: «ХІХ ғасыр аяғында пайда болған тірі тілдер мен диалектілерді зерттеуге деген ерекше қызығушылық, бір жағынан, қоғамдастықтың тарихи көзқарасқа, өлі тілдерге қызығушылықтың басымдылығына қарсылығы болса, екінші жағынан, тілшілердің қалыптасқан және дамыған ұлттық өзіндік санамен байланысты дамып келе жатқан қоғамдардың жаңа қажеттіліктері мен мүддесіне деген жауабы болды», – деп көрсетеді. Демек, бұл бағыт орыс тіл білімінде ХІХ ғасырдың аяғында-ақ қолға алынып, тілдің қасиетін жан-жақты ашу мақсатындағы зерттеу жұмыстары жүргізіле бастаған. Ю.Н. Карауловтың анықтамасы бойынша, «қоршаған ортаны терең де, дәл бейнелеуімен белгілі бір мақсаттағы бағыты және тілдік құрылымдық күрделілігімен өзгешеленетін сөйлеу мәтіндерін тудыру және қабылдау қабілеттіліктер жиынтығы тілдік тұлғаны білдіреді» [3;11-13]. Қандай да бір тілді тұтынушы кез келген адамды тілдік тұлға дейтін болсақ, оның сол тілді қаншалықты меңгергендігі – өз алдына жеке мәселе. Айталық, қай тілде болмасын оны тұтынушылардың тілді меңгеру деңгейі біркелкі болмайды. Мұны отаршылдық тарихымыздың жемісі деумен шектеліп қалуға тағы негіз жоқ. Әрине, ұлттық тіліміздің бір уақыттарда екінші орынға ығыстырылғаны, соның салдарынан қазақ тілін еркін қолданатын әрі еркін түсінетін адам санының айтарлықтай кемігені – тарихи факт. Алайда адамның тілдік білімі сол тілді тұтынушылар арасында қай заманда да бірдей дәрежеде болмаған. Халық пен халық, ұлт пен ұлт өзара байланыспай тұрмайды. Сонысына қарай мәдениет пен мәдениет те тоғысып жатады. Осы орайда тіл мен тілдің де араласып жататыны белгілі. Бұл аталғандар өз кезегінде белгілі бір тілді тұтынушылар арасында деңгейлік жіктің пайда болуына әкеледі. Дегенмен қандай да болмасын бір тілді тұтынушы байырғы тұрғындар арасындағы тілдік тұлғаға қатысты құрылымдық деңгейлердің болатыны бұл мәселенің ежелден жалғасып келе жатқан әдеттегі жағдай екенін аңғартады.

Тілдік тұлға категориясының тіл біліміне енгізілуі жалпы «тұлға» ұғымының жаңа мазмұнмен толығырақ түсуіне мүмкіндік жасап, тілді зерттеудің құрылымдық аспектісі аясынан шығып, адам санасы, ойы мен рухани қызметімен тығыз байланыста тұратын антропологиялық тіл біліміне айналуына ықпал етті. Сондықтан тіл ғылымында тілді тұтынушы индивидке, шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық күшейіп, қазіргі таңда жаңаша зерттеулердің өзегіне айналып отыр. Ю.Н. Караулов еңбектерінде жүйеленген «тілдік тұлға» теориясының аталған жайтқа қатысты өзіндік орны бар.

Жаңа ғасырда тілдік тұлғаның даралық сипатын оның шығармаларының ерекшелігін танытатын мәтіндер негізінде зерттеуге арналған еңбектер молая түсті. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік тұлға мәселесі қазіргі қазақ тіл білімінде мынадай бағыттарда қарастырылып келеді:

- 1) нақты тұлғаның тілін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау;
- 2) көптеген еңбекте тарихи тұлғалар тілін диахрондық тұрғыдан сараптау орын алған;
- 3) бөлек-бөлек мәтіндер негізінде тілдік тұлғаны модельдеуге арналған зерттеулер пайда болды;

4) кейіпкердің тілдік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының тілдік тұлғасына меже жасауды мақсат еткен зерттеулер де мол;

5) тілдік тұлға бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына орай қарастырған зерттеулер. Мәселен, би-шешендердің, ақындардың тілдік тұлғасын тануда соңғы бағыт басшылыққа алынып отыр.

Тілдік тұлғаны түсіндіруде соңғы кездері бірнеше бағыт қалыптасып үлгерді, олар:

1) тілдік тұлға ретіндегі жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау (тегі, өмір сүрген ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.с.с.);

2) индивидтің тілдік тұлғалық болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерді анықтау, яғни оны өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу, өз тілдік тәжірибесін ұрпаққа мұра етіп қалдыруда жеке жауапкершілігін сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.с.с. қасиеттерден тұратын күрделі, көпсатылы зерттеу нысаны ретінде оның тілінің вербалды-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы қарастыру қажет.

Көрсетілген деңгейлердегі жеке тұлғаның ұлттық болмысын ашудың маңызды екендігі туралы ғалым Ж.А. Манкееваның пікірлеріне ден қойсақ: «аталған деңгейлердің дамуының белгілі бір тілдік тұлғада көрініс табуы әр түрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан тілдік тұлғаны алдымен ұлттық тілдік тұлға ретінде түсінеміз. Себебі тілдік тұлға табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты» [4;281-284], – екені анықталады.

Бұл туралы зерттеуші Ж. Ермакова: «...тұлғаның өмір сүруінің негізін құрайтын, оның мақсаттары, ниеттері мен ұстанымдарын белгілейтін шығармашылық қажеттіліктері туралы да айтуға болады. Тұлғаның қоршаған әлемге, айналадағы басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасы арқылы анықталынатын құндылықтар жүйесі, яғни адамның материалдық және рухани игіліктері мен мұраттары, белгілі бір әлеуметтік, мәдени және адамгершілік құндылықтарды таңдап алуының себептері оның танымындағы ғалам бейнесін ашу арқылы анықталынады. Ал танымы мен мақсат-мүдделерінің прагматикалық әлеуеті оның тілі арқылы көрініс табады», – дейді [5; 8].

Тілдік тұлға мазмұнына, ғалымдардың көрсетуінше, мынадай компоненттер енеді: 1) құндылықтық (аксиологиялық), дүниетанымдық жүйе, тәрбие мазмұны; 2) тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық (адамдық, терең жекелік) қасиеттер.

Тілдік тұлғаның қалыптасу кезеңі адамның жалпы зияткерлік деңгейінен бастау алып, оның тұлғалық мінезінің құрылымын, саяси, қоғамдық, психологиялық және т.с.с. ерекшеліктерін танытады. Бәрінің негізін тұлғаның ұлттық болмысы мен рухани құндылығын, парасат-пайымын сипаттайтын рухани қажеттілік құрайды.

Келесі қажеттіліктің бірі – ұлттық тәрбие негізіндегі отбасылық тәрбие, ана сүтімен тектілік ұғымының санаға сіңірілуі. Демек, би-шешендер сияқты біртуар ұлт перзенттерінің ұлттық тұлға болып қалыптасуы кездейсоқ емес. Себебі оларда осы айтылған талаптың барлығы болды. Олар өмір сүрген кезең, олар сусындаған халықтық мұра, олар үлгі еткен тұлғалар, олар өскен орта – барлығы тұтаса келіп, қазақ би-шешендерінің тілдік тұлға деңгейіне көтеріліп, тарихта алтын қазына ретінде сақталуына негіз болған, яғни олардың қалыптасу мектебін құрады.

«Өзге жеке адамдарға ұқсамайтын өзіндік ерекше сапалық қасиеті бар бірегей адам ғана тұлға бола алатыны белгілі. Яғни елден ерек адам емес, тұлға талаптарына жауап беретін адам – тұлға. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тілдік тұлға да солай. Тұлға өзге адамдармен, әлеуметтік институттармен қатынаста, әлеуметтік байланыстар жүйесінде танылуға тиіс, таныла отырып тарихи тұлға ретінде белгілі болады. Демек, тұлға өмірінің мәні «қарым-қатынас құндылығы» деңгейінде ашылады» [6; 41].

Сондықтан тілдік тұлға туралы зерттеулерде оның құрылымдық деңгейлері туралы сөз қозғауды орынды санаймыз.

Орыс тіл білімінің маманы Ю.Н. Карауловтың тілдік тұлғаны үш құрылымдық деңгейге бөліп қарастырғаны белгілі. Мұны қазақ тіл білімінің мамандары да қолданып жүр. Ол құрылымдық деңгейлердің біріншісі – вербалды-семантикалық деңгейі. Екіншісі – когнитивтік деңгейі. Үшіншісі – тілдік тұлғаның сөйлеу тілін және мәтін түзуіне себеп болатын мақсат, уәж, мүдде мен нұсқауларды қамтитын уәждік деңгейі. Бұл – прагматикалық тұрғымен өлшенеді.

Вербалды-семантикалық деңгей сөз тіркесі мен сөйлемнің стереотиптік үлгісінен тұрады. Бұл деңгейде тілдік тұлға жалпы тілге тән айшықтарды меңгереді. Қазіргі тіл білімінде бұл тілдік «аялық

білім» делініп жүр. Мысалы, тілді тұтынушы адам сөзді, сөз тіркесін қабылдағанда оған үнемі талдау жасап барып, жауап береді. Ю.Н. Караулов «нөлдік деңгейді» де тілдік тұлға ұғымында қарастырады. Өйткені тілді қолданушының сөз, сөз тіркесі, сөйлемдердің мағынасын түсінуі және белгілі бір тілдегі сөздердің түсіндірме сөздіктегі мағынасын меңгеруі аздық етеді, дұрысы, белгілі бір сөздер арқылы ұғынылатын құндылықтарды танып білуі қажет. Ал сөзге құндылық бере алу, бере алмау немесе қалай беретіндігі тұтынушының, яғни индивидтің аялық білім дәрежесіне байланысты.

Мысалы, А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «...Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан кейін үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі. Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Сол сияқты, әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әр түрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады.

Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны деп айтылады» [7;19].

Вербалды-семантикалық деңгей мен когнитивтік деңгей көбінесе тілді меңгеруге байланысты.

Когнитивтік деңгей адамның білім, сана, танымының бейнесі ретіндегі мәтінге сүйене отырып, тұлғаның дискурсымен өлшенеді. Яғни когнитивтік деңгей – тіл мен таным сабақтастығының нәтижесі. Белгілі бір ақпаратты қабылдап, белгілі бір өңдеуден өткізіп, қажет болғанда қолдана білу нәтижесінде адамның миында білім қабаттарының қалыптасу және толығы үдерістерін айқындау тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейінде көрінеді.

Уәждік деңгей прагматикамен өлшенеді. Прагматика тілді адамның сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету мақсаты тұрғысынан қарастырады. Осыған орай қазақ тіл білімінде тілдік таңба мен сөйлеуші арасындағы байланысты зерттейтін прагмалингвистика саласы дамыды. «Прагмалингвистика – тілді қолданушы мен таңба арасындағы қатынасты зерттейтін ғылым саласы. Прагматикада бар назар адамға немесе субъектіге бағытталады. Тілдік құбылыстарды адресант, адресат сияқты прагматикалық параметрлер тұрғысынан қарастыру прагмалингвистиканың мәселелеріне жатады. Бұл тұрғыдан анықтау эмоцияның тілдік көрсеткіштері мен олардың стильдік мәнін ашудағы қалыптасқан дәстүрлі түсініктерді жеке адамның субъективті позициясын немесе көзқарасын жеткізуші құралдар ретінде нақтылап талдауға жол ашады» немесе «Прагматика – ой иесінің мақсаты мен уәжіне сай тілдік құралдарды талдаудың мәнін, сондай-ақ тыңдаушының айтылған ойды, тіл арқылы берілген бағаны түсінуін зерттейтін сала» [8; 34].

Қорытынды

Демек, прагматика тілдегі тура және жанама мағыналарды қоса қамти отырып, тыңдаушының айтылған ойға қарай қандай пікірге келіп, қандай әрекет жасайтынын қоса зерттейді. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ би-шешендерінің тілдік тұлғасын прагматикалық деңгейге жатқызуға болады. Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, би-шешендер ғаламның тілдік бейнесін жасай отырып, ойларын жалпылама жақты формада береді, яғни көпшілікке арнайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сипаттама): филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004. – 54 б.
2. Исаева Ж.И. Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспект): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 30 б.
3. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. – 263 с.
4. Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.
5. Ермекова Ж.Б. Жұмабаев Мағжанның тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... авторефераты. – Алматы, 2010. – 32 б.
6. Кенжеғалиев С.А. Қазақ тіліндегі ділдік лексиконның берілу жолдары: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Астана, 2009. – 131 б.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
8. Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі. Алматы, 2001. – 194 б.